



Submariner Date

Oyster, 41 mm, Oystersteel

**Люминесцентті сағат
көрсеткіштері бар Жасыл
керамикадан жасалған
Cerachrom безелінің
тегерігі және қара
циферблатпен Submariner
Date Oystersteel
болаты жасалған Oyster
Perpetual.**



БІР БАҒЫТТА АЙНАЛМАЛЫ БЕЗЕЛЬ

Су асты құралы

Submariner бұйымының айналмалы безелі сағаттың негізгі функционалдығы. Оның 60 минуттық межелігі сүңгуірге сүңгу уақытында және декомпрессиондық тоқтау кезінде уақытты дәл және қауіпсіз бақылауға мүмкіндік береді.

Rolex қатты, коррозияға төзімді керамикадан жасаған және Cerachrom безелінің дискі іс жүзінде сызатқа төзімді. Қоршаған орта қаншалықты қараңғы болса да нөл таңбасындағы люминесцентті капсула оқылуды қамтамасыз етеді. Безельдің бұдыр жиегі су астында тіпті қолғаппен де жақсы ұстай алуға мүмкіндік беру үшін мұқият жасалған.



ҚАРА ЦИФЕРБЛАТ

Су астында оқылу үшін

Циферблаттағы Chromalight люминесцентті индикациясы қараңғыда көру мүмкіншілігін жақсартатын инновацияны ұсынады, әрі бұл сүңгуірлер үшін маңызды функцияның бірі.

Сағат таңбалары қарапайым пішімдерден тұрады - үшбұрыштар, шеңберлер, тіктөртбұрыштар - және сағат пен минуттың кең тілдері су астында шатаспау үшін уақыт көрсеткішін тез әрі сенімді оқуға мүмкіндік береді.




OYSTERSTEEL БОЛАТЫ

Коррозияға жоғары төзімділік

Rolex өзінің болат сағат корпустары үшін Oystersteel материалын қолданады. Компания арнайы әзірлеген Oystersteel 904L болат тобына жатады, ол коррозияға аса төзімділік қажет жоғары технологияда және аэроғарыш пен химиялық өнеркәсіптерде қолданылады.

Oystersteel болаты жоғары төзімділігімен ерекшеленеді, керемет жылтырап өңделеді және қатаң сыртқы жағдайларда пайдаланған кезде де өзінің бастапқы сұлулығын сақтайды.



OYSTER БІЛЕЗІГІ

Пішін мен функцияның алхимиясы

Oyster білезігі - берік әрі ыңғайлы болу үшін жасалған пішін мен функцияның, эстетика мен технологияның тамаша синтезі.

Ол кездейсоқ ашылып қалмайтын Oysterlock түймелігімен және ерекше Glidelock жүйесімен жабдықталған, ол білезік ұзындығын сүңгуір костюмінің сыртынан ыңғайлы тағуға мүмкіндік беретін құралдарды пайдаланбай дәл реттеуге мүмкіндік береді.

Толығырақ техникалық деректер Submariner

Сілтеме 126610LV

Модель корпусы

Түрі

Oyster, 41 мм, Oystersteel

Диаметрі

41 мм

Материал

Oystersteel болаты

Безель

Бір бағытта айналмалы 60 минуттық етіп ойылған, жасыл керамикадан жасалған Cerachrom безелі сызатқа төзімді, сандар және межеліктегі таңбалар алтынмен қапталған

Бұрамалы бастиек

Бұрандалмалы, үш есе суға төзімді Triplock жүйесі

Кристал

Сызаттардың пайда болуына төзімді, жақұтты, күнін көрсету терезесінде Cyclops линзасы

Суға төзімділік

Суға төзімділігі 300 метрге / 1000 футқа дейін

Механизм

Түрі

Perpetual, механикалық, автоматты түрде құлағынан бұрау

Калибр

3235, Rolex өндіру зауыты

Қуат қоры

Шамамен 70 сағат

Білезік

Түрі

Oyster, үшқатарлы сом түйіндер

Білезік материалы

Oystersteel болаты

Түймелік

Жиналмалы тоғамен Oysterlock қауіпсіздік түймелігі, Rolex Glidelock ұзарту жүйесімен

Циферблат

Түрі

Қара

Сертификаттау

Түрі

Дәлдігі жоғары хронометр
(механизмді корпусына орнатқаннан кейін COSC + Rolex сертификациясы)

Толығырақ ақпаратты Rolex.com сайтында зерттеңіз және біліңіз

**Сауда белгілері, қызмет көрсету
белгілері, сауда атаулары, дизайн және
авторлық құқық тәрізді барлық
зияткерлік меншік құқықтары
қорғалған.**

Бұл веб-сайттағы қандай да ақпаратты
жазбаша рұқсатсыз көшіруге болмайды.
Rolex кез келген уақытта осы веб-сайттағы
модельдерді өзгерту құқығын өзіне
қалдырады.

